**Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 карашадағы № 585 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда № 2806 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 523 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 18.11.2014 № 523 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының3-тармағына және V шақырылған аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 14 маусымдағы XIII сессиясының № 13-7 " Бюджет қаражаты есебінен ауылдық жерде жұмыс істейтін және кемінде жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. Өмірбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі міндетін атқарушы М. Ізбасов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Аудандық мәслихаттың XIII сессиясының төрағасы Т.Майлыбаев*

*13 қараша 2013 жыл*

*Жылыой ауданы мәслихатының хатшысы М. Кенғанов*

*13 қараша 2013 жыл*

Жылыой ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 13 карашадағы № 585
қаулысына қосымша

# Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары
1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
2. Білім беру мамандарының лауазымдарының тізбесі:
1) директор;
2) директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары; жалпы білім беретін мектептердің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,
3) интернат, кітапхана меңгерушісі;
4) барлық мамандықтағы мұғалімдер, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, аға вожатый, интернат тәрбиешісі, тәрбиеші, үйірме жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, көркемдік жетекші, музыкалық жетекші, кітапханашы, зертханашы, медициналық бике.
3. Мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесі:
1) Клуб меңгерушісі;
2) әдіскер;
3) музыкалық жетекші;
4) кітапхана меңгерушісі;
5) кітапханашы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК